

"Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандығы № 68 бүйрігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2023 жылғы 25 мамырдағы № 189 бүйрігі. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 26 мамырда № 32593 болып тіркелді

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 22 қазандығы № 68 бүйрігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9890 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйріқпен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 18) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес өзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын (бұдан әрі – өнім беру жоспары) қалыптастыру және "Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесіне енгізу" мемлекеттік қызметтің көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқынрайдай.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) вагон-норма – сұйытылған мұнай газының отыз алты тоннаға тең салмағы;

2) жиынтық өтінім – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үәкілдегі органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргіні;

3) өнеркәсіптік тұтынушы – өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін газ сатып алатын занды тұлға;

4) өнім беруші – өнім беру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру және өткізу міндегі Заңмен жүктелген сұйытылған мұнай газын өндіруші немесе өзіне меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде тиесілі көмірсуге шикізатын өндеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газының меншік иесі;

5) өтінім – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүгіну;

6) өтініш – осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға жүгіну;

7) Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін пайдалану мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесіне енгізуге арналған өтініштерді қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті беруші жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

8) уәкілетті орган – газды өндіруді, тасымалдауды (тасуды), сақтауды және көтерме саудада өткізуді, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді және тұтынуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.";

2-тарау жана редакцияда жазылсын:

"2-тарау. "Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесіне енгізу" мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібі

1-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі.

7. Мемлекеттік қызметті уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Процестің сипаттамаларын, нысаны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көтірілген.

8. Осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес өтініш келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен күні ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді

Өтініш беруші осы Қағидалардың 3-1-қосымшасының 9-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтер топтамасын толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 3-1-қосымшасының 9-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигіне сәйкес өтінішті қабылдау және тіркеу жүзеге асырылады.

Өтінішті қосымшаларымен бірге қабылдағанын растау қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті қабылдаған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-1-қосымшасының 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын және мәліметтерді ұсынымдар алу үшін Комиссияға жібереді.

Комиссия мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде сұйытылған мұнай газын пайдалану мәселелері бойынша уәкілетті органның жаңынан құрылады және химия өнеркәсібі саласындағы уәкілетті органның, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, ғылыми-зерттеу ұйымдарының өкілдерінен, сондай-ақ мұнай-газ өндеу және мұнай-газ-химия салаларының тәжірибелі мамандарынан тұрады.

Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Энергетика министрі бекітеді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды және кемінде 10 (он) адамды құрайды, оның жартысы мемлекеттік органның өкілдерінен тұрады.

Комиссия отырысын өткізу үшін кворум Комиссия мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

9-1. Комиссия осы Қағидалардың 3-1-қосымшасының 9-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушіден келіп түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Комиссияның қорытындысы электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті берушіге жіберіледі.

9-2. Көрсетіletіn қызметті беруші осы Қағидалардың 3-1-қосымшасының 9-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, Комиссия қорытындысын алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) бекітеді және оны өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады және ол бекітілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетіletіn қызметті алушыны тізбеге енгізілгені туралы хабардар етеді.

9-3. 3-1-қосымшаның 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Комиссияның қорытындысы теріс болған кезде, көрсетіletіn қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету

мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орны туралы хабарлама жібереді.

Тыңдау рәсімі ҚР ӘРПК-ның 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші бас тарту үшін негіздер жойылған кезде тізбеке енгізе отырып шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті беруші Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тізбеке енгізу туралы шешімді өтініш берушіге жібереді.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға;

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушіде – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органда – оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарауы 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу үшін.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезде шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш)

жұмыс күні ішінде шағымды берген өтініш иесіне ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті беруші шағымды келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші шағымды қолайлы акт қабылдаған, шағымды көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаған кезде шағымды қарайтын органға жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күнін құрайды.

10-1. Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген кезде көрсетілетін қызметті алушы ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес, егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі .";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарауына мынадай:

1) толық емес және (немесе) қате мәліметтерді қамтитын;

2) ағымдағы тоқсанның алдындағы тоқсанның барлық айлары үшін сұйытылған мұнай газын өткізу туралы мәліметтерді ұсынбаған немесе қате мәлімет ұсынған тұлғалардың;

3) сұйытылған мұнай газын өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау, тиеп-жөнелту және өткізу мониторингі шеңберінде оларға қатысты Заңмена белгіленген, сұйытылған мұнай газын өткізу тәртібін жоймаған бұзушылықтары анықталған тұлғалардың;

4) тізбеке енгізілмеген сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың өтінімдері қабылданбайды.

Бұл ретте өтінім берушінің қате мәліметтер, оның ішінде сұйытылған мұнай газын өткізу көлемі, инфрақұрылымның болуы және оның қуаты бойынша қате мәлімет ұсыну фактісі анықталған кезде, мұндай тұлғаның өтінімдері қате мәліметтер жойылғанға дейін тікелей берілетін тоқсанға қарауға қабылданбайды.";

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Сұйытылған мұнай газын жеткізуге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия) ұсынылған өтінімдерді осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес өнірдің сұйытылған мұнай газына деген қажеттілігін ескере отырып, олардың негізділігі мәніне қарайды.

Бұл ретте сұйытылған мұнай газының көлемін газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері арасында бөлуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген Газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері үшін сұйытылған мұнай газының көлемін айқындау тетігіне (бұдан әрі – Тетік) сәйкес;

2) сұйытылған мұнай газын теміржол көлігімен тиеп-жөнелткен кезде – вагон-нормаға еселігі көлемінде жүзеге асырады.";

23-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Жиынтық өтінім жобасын қарau нәтижелері бойынша Жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия жиынтық өтінім жобасын мақұлдау туралы не оны өзгерту қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

Жиынтық өтінім жобасын өзгертуді Жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссия:

1) Тетікке сәйкес келтіру;

2) сұйытылған мұнай газын теміржол көлігімен тиеп-жөнелткен кезде – бөлінген көлемдердің вагон-нормаға еселігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 23-1 және 23-2-тармақтармен толықтырылсын:

"23-1. Жиынтық өтінім жобасын қалыптастыру немесе өзгерту кезінде Тетікке сәйкес бөлінген көлемнің барлығы немесе бір бөлігі:

1) 18 (он сегіз) және одан аз тоннаны құраса – мұндай өтінім берушіге сұйытылған мұнай газы бөлінбейді;

2) 18 (он сегіз) тоннадан артық, бірақ вагон-нормадан аз болса – мұндай өтінім берушіге вагон-норма көлемінде сұйытылған мұнай газы бөлінеді.

Осы тармақта көзделген ережелер сұйытылған мұнай газын автомобиль көлігімен жеткізу жағдайларына қолданылмайды.

23-2. Сұйытылған мұнай газын автомобиль көлігіне де, темір жол көлігіне де тиеп-жөнелту жөніндегі өндірістік қуаты бар өндірушілер үшін сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) сұйытылған мұнай газын автомобиль көлігіне тиеп-жөнелту өндіруші орналасқан өнірдің алушыларына басым тәртіппен жүзеге асырылады;

2) өндіруші орналасқан өнір болып табылмайтын өнірдің алушысына 150 (бір жүз елу) тоннадан астам көлем бөлінген кезде сұйытылған мұнай газын тиеп-жөнелту темір жол көлігімен жүзеге асырылады.";

40-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"40. Өнім берушінің сұйытылған мұнай газын өндірудің нақты көлемі есепті айда жоспарланатын көлемнен асып кеткен кезде, сондай-ақ өнім берушіде осы

Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың сұйытылған мұнай газын сатып алудан бас тартуына байланысты өнім беру жоспары шеңберінде көзделген тауар биржаларынан тыс Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізу үшін міндепті сұйытылған мұнай газының тиеп-жөнелтілмеген көлемдері пайда болған кезде, мұндай өнім беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті органды сұйытылған мұнай газының қосымша көлемінің пайда болуы туралы хабардар етеді.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру жөніндегі комиссия облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының сұйытылған мұнай газының қосымша көлемдерін бөлу туралы сұрау салуларының негізінде өнім берушілердің өндірістік қуаттарының географиялық орналасуын негізге ала отырып, оны тиісті өнірлер арасында қайта бөледі.";

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

"40-1. Тиісті өнір үшін өнім беру жоспарына қосымша бөлінген сұйытылған мұнай газының көлемін бөлу:

қосымша көлемі 1000 (бір мың) тоннадан аз және теміржол көлігімен әкетілген кезде – осы Қағидаларға және Тетікке сәйкес сұйытылған мұнай газының қосымша көлеміне өтінім берген өнірдің газ толтыру станцияларының иелері арасында;

қосымша көлемі 1000 (бір мың) тоннадан артық және теміржол көлігімен әкету кезінде – осы Қағидалар мен Тетікке сәйкес сұйытылған мұнай газының қосымша көлеміне өтінім берген, осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалар арасында;

автомобиль көлігімен әкету кезінде – осы Қағидаларға және Тетікке сәйкес сұйытылған мұнай газының қосымша көлеміне өтінім берген, осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың арасында жүзеге асырылады.

Өнірдің республикалық маңызы бар қалаларға, астанаға және оларға іргелес тиісті облыстарға арналған газ толтыру станцияларына республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында да, сол сияқты оларға іргелес тиісті облыстардың аумағында да орналасқан газ толтыру станциялары жатады.";

мынадай мазмұндағы 41-1-тармақпен толықтырылсын:

"41-1. Сұйытылған мұнай газын теміржол көлігімен тиеп-жөнелту кезінде өнім берушіде осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұлғаларға өнім беру жоспарына сәйкес ол беруге міндепті сұйытылған мұнай газының вагон-нормадан аз көлемінде тиеп-жөнелтілмеген қалдықтары пайда болған кезде:

көлемі 18 (он сегіз) тоннадан және одан аз болған кезде – тиеп-жөнелту жүзеге асырылмайды;

көлемі 18 (он сегіз) тоннадан артық, бірақ вагон-нормадан аз болған кезде – тиеп-жөнелту вагон-норма көлемінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері сұйытылған мұнай газын автомобиль көлігімен жеткізу жағдайларына қолданылмайды.";

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына 3-қосымша алып тасталсын;

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидалары осы бұйрыққа 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 3-1, 3-2, 3-3 және 3-4-қосымшалармен толықтырылсын;

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына 4-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ және мұнай-газ-химия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі міндетін атқарушы

Ж. Нурмаганбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Индустрія және

инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
міндеттін атқарушы  
2023 жылғы 25 мамырдағы  
№ 189 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығына сұйытылған  
мұнай газын беру жоспарын  
қалыптастыру қағидаларына  
2-қосымша

Газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз кую станциялары иелерінің, мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін сұйытылған мұнай газын шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың және сұйытылған мұнай газы сауда-саттығына қатысушылардың сұйытылған мұнай газын жеткізуге арналған өтінімі

## бизнес сәйкестендіру нөмірі

(алушының атауы)  
орналасқан жері

(тоқсан) \_\_\_\_\_ жыл, жеткізу өңірі \_\_\_\_\_

(жеткізу өңірі көрсетіледі) тоннамен

Сұратыла таң жеткізілім көлемі, тоннамен	Оның ішінде әрі қарай өткізу түрлері бойынша бөле отырып								
	моноблоктарды қоса алғанда, автогаз құю станциялары арқылы	газ толтыру пункттері тұрмыстық баллондар)	арқылы	(	топтық резервуарлық қондырғылар арқылы*	сыйымды газ тұрмыстық тұтынушыларға	коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға	өнеркәсіп тік тұтынушыларға	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	

Мұнай-газ-химия өнімін өндіру процесінде химиялық өзгеріске түспеген сұйытылған мұнай газының көлемі (бар болған жағдайда)	тиеу) шарты бойынша мекенжайы**.
10	11

Ескертпе:

\* Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес пайдаланылуы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғылар бойынша ғана толтырылады;

\*\* Сұйытылған мұнай газын зауыттардан автомобиль көлігімен жеткізген кезде газ толтыру станциясымен сақтау (аудыстырып тиеу) шарты талап етілмейді.

Отінімде көрсетілетін мәліметтер өзгерген кезде газ толтыру станцияларының, топтық резервуарлық қондырғылардың, газ толтыру пункттерінің, автогаз құю станцияларының иелері үш жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына өзгерген мәліметтер бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін сұйытылған мұнай газын пайдаланатын өнеркәсіптік кәсіпорындар 1 және 10-бағандарды толтырады.

Осы арқылы \_\_\_\_\_, (алушының атауы)

заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді және:

1) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің (бұдан әрі – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс) 170-бабына сәйкес анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы хабардар болуын;

2) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодектің 170-бабына сәйкес оған қатысты тарату, оналту немесе банкроттық рәсімдері басталмағанын, сондай-ақ оның қызметі тоқтатылмағанын;

3) мәлімделген өнірде сұйытылған мұнай газын өткізуін растайды.

**Күні, қолы.**

бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығына сұйытылған  
мұнай газын беру жоспарын  
қалыптастыру қағидаларына

3-1-қосымша

## **Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесіне енгізу
----	--	--

2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
3.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеғен сәттен бастап 21 (жиырма бір) жұмыс күні
5.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Қағаз
6.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	1) Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынуышылардың тізбесіне енгізу; 2) мемлекеттік қызмет көрсетеуден уәжді бас тарту.
7.	Мемлекеттік қызметті көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен 9.00-ден 18.30-ға дейін
9.	Мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі	1) осы Қағидаларга 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) мұнай-газ-химия кәсіпорнын пайдалануға беру актісі; 3) мұнай-газ-химия кәсіпорнының жұмыс істеуі бойынша облыстың, республикалық маңызы бар каланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының растау хаты; 4) бекітілген жобалау-сметалық құжаттама; 5) осы технологияның сипаттамасын келтіре отырып, технология лицензиарларымен немесе технология мен

	<p>технологиялық жабдыкты жеткізушілермен келісім;</p> <p>6) жобалау құжаттамасына сәйкес тұтынылатын сұйытылған мұнай газының, шығарылатын мұнай-газ-химия өнімінің (атауларын көрсете отырып) және мұнай-газ-химия өнімін өндіру процесінде химиялық өзгеріске түспеген сұйытылған мұнай газының көлемі (айна және жылына мың тонна).</p>
10.	<p>"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</li> <li>3) уәкілетті мемлекеттік органдың мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</li> <li>4) көрсетілетін қызметті алушыға катысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті ауды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (укімінің) болуы;</li> <li>5) көрсетілетін қызметті алушыға катысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы</li> </ol> <p>Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>

		<p>мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнағы құқығынан айырылады;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p> <p>Сонымен қатар көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 19-1-бабының 5-тармағына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.</p>
11.		<p>Кызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша аныктаамалық қызметтердің байланыс телефондары Қордың интернет-ресурсында көрсетілген – <a href="https://fms.kz/">https://fms.kz/</a>, Қордың байланыс орталығы 1406 тегін нөмірі бойынша. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p>

Бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына

3-2-қосымша

## **Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесіне енгізуге арналған өтініш**

кімге \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның толық атауы)

кімнен \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, занды тұлғада бизнес-сәйкестендіру нөмірі

болмаған кезде – шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесіне енгізу ді

сұраймын \_\_\_\_\_

(өнімнің атауын көрсету)

қағаз жеткізгіште \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қағаз жеткізгіште бұйрық алу қажет болған жағдайда X белгісін қою)

Занды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (пошта индексі, ел (шетелдік занды тұлға үшін), облыс, қала, аудан, елді мекен, көше

атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Факс \_\_\_\_\_

Кызметті жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

\_\_\_\_\_ (пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

\_\_\_\_\_ парақ қоса беріледі.

Осымен:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылатыны және оларға өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесіне енгізу мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін екені;

барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш беруші өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесіне енгізу кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келіседі.

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы "\_\_"

Бұйрығына  
4-қосымша

Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығына сұйытылған  
мұнай газын беру жоспарын  
қалыптастыру қағидаларына  
3-3-қосымша

**Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде  
пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесі**

p/c №	Өнеркәсіптік тұтынушының атауы	Өнеркәсіптік тұтынушының орналасқан жері	Тұтынудатын сұйытылған мұнай газының көлемі (жобалық қуаты), тонна		Шығарылатын мұнай-газ-химия өнімінің көлемі (жобалық қуаты), тонна	Мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру процесінде химиялық өзгеріске түспеген сұйытылған мұнай газының көлемі, тонна (бар болса)			
			бір сағат ішінде	бір жыл ішінде		бір сағат ішінде	бір жыл ішінде	бір сағат ішінде	бір жыл ішінде
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бұйрығына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығына сұйытылған  
мұнай газын беру жоспарын  
қалыптастыру қағидаларына  
3-4-қосымша

Нысан

**Хабарлама**

берілді.

Осымен мемлекеттік орган

Сіздің \_\_\_\_ жылғы [өтінім күні] № [Өтінім нөмірі] өтінішінде қарағаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы)

"Сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар тізбесіне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша алдын ала шешім бойынша сіздің ұстаным білдіруге мүмкіндігініз бар екені туралы хабарлайды

(тындау өткізілетін күні, уақыты және орыны)

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті беруші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),  
лауазымы)

Хабарламаны жіберу күні мен уақыты:

20 \_\_ жылғы " \_\_ "

Бұйрығына  
6-қосымша

Қазақстан Республикасының  
ішкі нарығына сұйытылған  
мұнай газын беру жоспарын  
қалыптастыру қағидаларына  
4-қосымша

**Газ толтыру станцияларының, газ толтыру пункттерінің, топтық резервуарлық  
қондырғылардың, автогаз құю станцияларының иелері үшін сұйытылған мұнай газының  
көлемін айқындау тетігі**

1. Газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылары, газ толтыру  
пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің ұсынған өтінімдері мынадай  
өлшемшарттарға сүйене отырып қарастырылады:

1) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес  
пайдаланылуы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық  
қондырғыларды қоспағанда, мәлімделген өнірде газ толтыру станциясының, топтық  
резервуарлық қондырғысының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иесі  
пайдаланатын осы Тетіктің 5-тармағында көрсетілген объектілердің жобалау қуаты (бұдан әрі – Р1 көрсеткіші);

2) топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу  
қоспағанда, сұйытылған мұнай газын мәлімделген өнірде өткен кезеңдерде өткізу  
нақты көлемдері (бұдан әрі – Р2 көрсеткіші);

3) сұйытылған мұнай газын мәлімделген өнірде тұрмыстық баллондарда өткізу (бұдан әрі – Р3 көрсеткіші).

2. Әрбір өлшемшарт бойынша жалпы мәннен пайыздық арақатынастағы үлесі  
шығарылады. Газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғысы, газ толтыру

пункттері, автогаз құю станцияларының иелері көрсеткішінің қорытынды мәні пайыздық көрсеткіштердің орташа өлшенген мәні ретінде анықталады.

3. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес пайдаланылуы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған топтық резервуарлық қондырғылар (бұдан әрі – топтық резервуарлық қондырғылар) арқылы өткізу үшін қажетті сұйытылған мұнай газының көлемі алдыңғы күнтізбелік үш айдағы орташа айлық тұтынуды ескере отырып, толық көлемде бөлінеді.

#### 4. Жалпы көлемнен үлес:

1) газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің инфрақұрылымы ұлғайған кезде;

2) газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің орташа айлық өткізу көлемі өсken кезінде ұлғаюға жатады.

5. Р1 көрсеткішін бағалау кезінде мәлімделетін өнірде орналасқан газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иесінің пайдаланылатын қуаттарының жалпы көлемінің жиынтық көрсеткіші көрсетіледі:

- 1) газ толтыру станциялары;
- 2) газ толтыру пункттері;
- 3) моноблоктарды қоса алғанда, автогаз құю станциялары.

Аталған қуаттардың болуын раставу үшін газ толтыру станциялары, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясының иелері әрбір объект үшін құқық белгілейтін құжаттар мен шарттардың, жалпы сыйымдылығы мен жобалық қуатын белгілейтін, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті органда қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың тіркелгенін раставтын құжаттардың (өтініш берушіге ресімделген қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою туралы хабарлама), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 208 "Бақылау-касса машиналарын қолданудың кейбір мәселелері туралы" бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16508 болып тіркелген) бекітілген деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының тіркеу карточкаларының көшірмелерін ұсынады.

Көрсетілген деректер жыл сайын немесе тиісті мәліметтер өзгерген кезде ұсынылады.

Бұл ретте мәліметтер өзгерген кезде газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің үш жұмыс күні ішінде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына өзгерген мәліметтер бойынша раставтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

6. Р2 көрсеткішін бағалау кезінде топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін және осы өнірдің жиынтық өтініміне

енгізілген тұлғаларға өткізу көлемін қоспағанда, тиісті өнірде алдыңғы күнтізбелік үш айдағы сұйытылған мұнай газын өткізудің нақты көлемі көрсетіледі.

Сұйытылған мұнай газының көлемдерін өткізу туралы мәліметтерді растау үшін газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті және автогаз құю станциясының иелері өтініммен бір мезгілде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын өткізу көлемін және осы өнірдің жиынтық өтініміне енгізілген тұлғаларға өткізу көлемін қоспағанда, мәлімделген өнірде алдыңғы күнтізбелік үш айдағы сұйытылған мұнай газын өткізу жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын сатып алу көлемін растайтын құжаттардың көшірмелерін (жеткізу шарттары, электрондық шот-фактуралар, электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде тіркеу нөмірлері бар тауарға ілеспе жүккүжаттар, өзгеге қорларды босатуға арналған жүккүжаттар, тауар-көлік немесе теміржол жүккүжаттары) ұсынады.

7. Р3 көрсеткішін бағалау кезінде тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізетін газ толтыру станциялары мен газ толтыру пункттері иелерінің өткізудің нақты көлемі көрсетіледі.

8. Өлшемшарттардың әрқайсысының үлесі мына формула бойынша есептеледі:

$$P_{1 \text{ көрсеткіш} (\%)} = \frac{P_{\text{көлем}}}{P_{\text{жалпы (көлем)}}} * 100,$$

мұнда:

P1 көрсеткіш – өнірдің газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелері қуатының жалпы көлемінен үлес;

P (көлем) - газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иесі қуаттарының нақты көлемі;

P жалпы (көлем) - өнірдің газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станцияларының иелері қуаттарының жалпы көлемі;

$$P_{2 \text{ көрсеткіш} (\%)} = \frac{P_{\text{(өткізу көлемі)}}}{P_{\text{жалпы (өткізу көлемі)}}} * 100,$$

мұнда:

P2 көрсеткіш (%) - өнірдің газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иелерінің алдыңғы үш күнтізбелік айдағы өткізу көлемінің үлесі;

P (өткізу көлемі) - алдыңғы күнтізбелік үш айда газ толтыру станциясы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иелерінің нақты өткізу көлемі;

Р жалпы (өткізу көлемі) - өнірдің газ толтыру станциясының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының алдыңғы құнтізбелік үш айда өткізуінің жалпы көлемі.

$$P_3 \text{ көрсеткіш} (\%) = \frac{P_{(тб)}}{P_{\text{жалпы (тб)}}} * 100,$$

Мұнда:

$P_3$  көрсеткіш (%) - тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізу үлесі;

$P$  (тб) - тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізу үшін инфрақұрылымның болуы (болған кезде =1, болмағанда= 0);

Ржалпы (тб) - тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізу үшін инфрақұрылымы бар өнірдің газ толтыру станцияларының, газ толтыру пунктілерінің иелерінің жиынтық саны.

Тұрмыстық баллондарда сұйытылған мұнай газын өткізу үшін инфрақұрылым деп жиынтығында тиісті өнірде арнайы автокөліктің, авариялық-диспетчерлік қызметтің, тұтынушыларды абоненттік есепке алудың, тұрмыстық баллондардың газ толтыру цехының және тұрмыстық баллондарды жөндеу және кәдеге жарату цехының болуы түсініледі.

Көрсетілген мүліктің болуын растау үшін газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелері тиісті құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9. Газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелері көрсеткішінің қорытынды мәні көрсеткіштердің пайыздық мәндегі орташа өлшенген мәні ретінде айқындалады:

$$P_{\text{к}(\%)} = P_1 * K_1 + P_2 * K_2 + P_3 * K_3,$$

Мұнда:

$K_1 = 20\%$ ;

$K_2 = 75\%$ ;

$K_3 = 5\%$ .

10. Тауар биржаларынан тыс өнім беру жоспары шенберінде газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иелерінің өткізу көлемінің қорытынды мәні мынадай формула бойынша көлемдік мәнде айқындалады:

$$V_{(\text{ж})} = \frac{V_{\text{жоспар}} * P_k}{100\%} + V_{(\text{трк})},$$

мұнда:

V (жө) - әрбір газ толтыру станциясының, топтық резервуарлық қондырғысының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иесі үшін тауарлық биржадан тыс жиынтық өтініммен бекітілген көлем.

V<sub>жоспар</sub> - топтық резервуарлық қондырғылар арқылы өткізу үшін бөлінген сұйытылған мұнай газының көлемін қоспағанда, әрбір өнір үшін тауарлық биржадан тыс жиынтық өтінімде көзделген жалпы көлем.

V<sub>(трк)</sub> - әрбір топтық резервуарлық қондырғылар арқылы өткізілетін сұйытылған мұнай газының көлемі.

11. Газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станцияларының иелері бойынша деректер:

- 1) алдыңғы күнтізбелік үш айдағы өткізу көлемі бойынша;
- 2) жобалық қуаттар бойынша жаңартылуға жатады.

12. Газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғысының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иесі осы Тетіктің 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес есептелгеннен сұйытылған мұнай газының көлеміне өтінім берген кезде, онда сұйытылған мұнай газының аз қалған көлемі осы Қағидалар мен Тетікке сәйкес қалған өтініш берушілерге қайта бөлінеді.

13. Газ толтыру станциясы, топтық резервуарлық қондырғы, газ толтыру пункті, автогаз құю станциясы иесінің қызметі тоқтатыла тұрған кезде, сұйытылған мұнай газының толық жеткізілмеген көлемі осы Қағидалар мен Тетікке сәйкес қалған өтініш берушілерге қайта бөлінеді.

14. Занды тұлға тиісті өнірде жаңа газ толтыру станциясын пайдалануға берген кезде, мұндай газ толтыру станциясының иесіне алғашқы үш ай бойы өнірге бөлінетін сұйытылған мұнай газының жалпы көлемін ұлғайту арқылы осы Тетіктің 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес бөлінген көлемге қосымша бір жұз сексен тоннадан сұйытылған мұнай газын бөледі.

15. Газ толтыру станциясының, топтық резервуарлық қондырғысының, газ толтыру пунктінің, автогаз құю станциясының иесі осындай тұлғаның кінәсінен тауарлық биржадан тыс жеткізу жоспары шенберінде сұйытылған мұнай газының көлемдерінен бас тартқан кезде, осы Тетіктің 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес есептелетін сұйытылған мұнай газының көлемі осындай тұлға үшін келесі тоқсанға сатып алынбаған көлемдердің шамасына азайтылуға жатады.

Бұл ретте сұйытылған мұнай газының қалған көлемін тиісті өнірдің қалған газ толтыру станциялары, топтық резервуарлық қондырғылар, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің пайдасына пропорционалды турде қайта бөлу жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК